

# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми-  
әдістемелік кеңес мәжілісінде бекітілді

№ \_\_\_6\_\_\_ хаттама

«\_22\_»\_06\_2020 ж.

Оқу жұмысы жөніндегі проректор

\_\_\_\_\_ Хикметов А.К.

**«8D041 – ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКА» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША PhD  
ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕР ҮШІН МАМАНДЫҚ БОЙЫНША  
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ 2020

Бағдарлама «8D041 – Әлемдік экономика» мамандығы бойынша Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес құрастырылды. Бағдарлама э.ғ.д., профессор Р.Елемесов, PhD доктор А.О.Оңдаш, э.ғ.к., доцент А.М. Мырзахметова, э.ғ.к. Л.Ә. Медуханова және Н.Е.Дабылтаевамен құрастырылды.

Бағдарлама халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының мәжілісінде қаралды

Хаттама №\_9\_ «\_28\_» \_\_\_\_\_04\_\_\_\_\_2020 ж.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Чукубаев Е.С.

Халықаралық қатынастар факультетінің әдістемелік бюро мәжілісінде мақұлданды

Хаттама №\_10\_ «\_05\_» \_\_\_\_\_05\_\_\_\_\_2020 ж.

Әдістемелік бюро төрайымы \_\_\_\_\_ Машимбаева Г.А.

Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілді

Хаттама №\_10\_ «\_06\_» \_\_\_\_\_05\_\_\_\_\_2020 ж.

Ғылыми кеңес төрағасы,

Факультет деканы \_\_\_\_\_ Айдарбаев С.Ж.

Ғалым хатшы \_\_\_\_\_ Идрышева Ж.К.

## МАЗМҰНЫ

### **1. Мамандық бойынша түсу емтиханының мақсаты мен міндеттері**

«8D041 - Әлемдік экономика» мамандығы бойынша түсі емтиханының мақсаты мен міндеттері - PhD докторантураға түсушілердің ғылыми білімдері мен микро-макроталдау және халықаралық макроэкономика салаларындағы тәжірибелік міндеттерді шешу дағдыларын анықтау.

«Микро-макроталдау» пәні экономикалық теория, микроэкономика және макроэкономика жеке-жеке қарастыратын мәселелерді зерттейді. Ол қазіргі заманғы экономикалық теорияның осы құрамдас бөліктерін математика мен вербалды, математикалық, графикалық, аналитикалық формадағы экономикалық модельдерді пайдалана отырып, анағұрлым жоғары деңгейде зерделеуді жалғастырады.

«Халықаралық макроэкономика» пәні білім алушыларға ашық ұлттық экономиканы макроэкономикалық реттеу, халықаралық валюталық және қаржылық қатынастардың қызмет етуі саласындағы теориялық білімдерді, тәжірибелік мәселелерді талдау дағдыларын береді. Сонымен бірге, макроэкономикалық талдаудың халықаралық аспектілерін зерделеу халықаралық экономика саласына қатысты білімдерді тереңдетеді және кеңейтеді.

Түсу емтиханының формасы – құрамдас жазбаша-ауызша емтихан. Емтихан тапсырушы емтихан билетінің сұрақтарына өз жауабын жауап парағына жазып, емтихан комиссиясына ауызша жауап береді. Апелляция жағдайында қарастырудың негізі жауап парағындағы жазбаша жазбалар болып табылады.

### **2. «8D041 - Әлемдік экономика» мамандығы бойынша докторантураға түсуші тұлғалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

«8D041-Әлемдік экономика» мамандығы бойынша докторантураға түсуші тұлғалар экономикалық мамандықтар бойынша магистр дәрежесіне ие болуы тиіс. Докторантураға түсуші талапкерлер:

- ғылыми таным әдіснамасы мен ғылыми қызметті ұйымдастыру қағидаларын білуі;
- микро- және макроталдауды магистратура деңгейінде білу;
- экономикалық үдерістерді талдаудағы қолданыстағы концепцияларды, теориялар мен келістерді (подход) сыни талдай білу;
- әр түрлі пәндер аясында алынған білімдерді жаңа беймәлім жағдайдағы зерттеу міндеттерін шешу үшін интеграциялай білу;
- экономиканың жаһандануы жағдайында ұлттық экономиканың халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуының ұтыстары мен шығындарын бағалау;
- әлемдік және халықаралық экономика бойынша білімдерді Қазақстан Республикасының экономикалық даму мәселелерін, оның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін зерттеуде қолдана білу;

- макроэкономикалық талдау әдіснамасын ұлттық экономиканың қазіргі жағдайы мен даму мәселелерін зерттеуде қолдана білу;
- қазіргі заманғы халықаралық сауда құрылымы мен даму динамикасын, халықаралық сауда саясатының қалыптасу заңдылықтары мен Қазақстанның сыртқы сауда саясатының мәселелерін сыни талдай білу;
- заманауи ақпараттық технологияларды тарта отырып, ақпараттық-аналитикалық, ақпараттық-библиографиялық жұмыстар жүргізу;
- тәжірибелік-зерттеу және талдау жұмыстарының нәтижелерін диссертация, мақалалар, есептер, талдау жазбалары және т.б. түрінде жалпылау;
- кемінде бір шет тілін ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін деңгейде білу.

### **3. Білім беру бағдарламасының пререквизиттері**

Микроэкономика, Макроэкономика, Халықаралық макроэкономика, Әлемдік экономика

### **4. Емтихан тақырыптарының тізімі**

#### **«Микро-макроэкономика» пәні**

#### **1 тақырып. Заманауи микро-макроэкономика және оның әдіснамасы**

Микроэкономика мен макроэкономиканың пәні. Адамдардың қажеттіліктері. Игіліктер және олардың түрлері. Экономиканың іргелі міндеттері.

Экономикалық құбылыстарды зерттеу әдістері. Позитивті және нормативті талдау. Жалпығылыми әдістер. Математикалық әдістер. Экономикалық құбылыстар мен үдерістерді модельдеу. Адамдардың рационалды мінез-құлықтары туралы болжамдар. Оңтайландырушы (оптимизационные) және тепе-тең модельдер. Макроэкономикалық талдау ерекшеліктері. Агрегаттау әдісі.

#### **2 тақырып. Экономикалық ресурстар және таңдау мәселелері**

Экономикалық ресурстар және олардың түрлері. Экономикалық ресурстардың шектеулілігі және қажеттіліктердің шектеусіздігі. Таңдау мәселелері және өндірістік мүмкіндіктер қисығы. Балама шығындар. Қайтарымдылықтың кему заңы. Трансформацияның шекті нормасы.

Өндіріс тиімділігі. Ресурстарды тиімді бөлу. Парето бойынша тиімділік.

#### **3 тақырып. Нарық және нарықтық экономика**

Нарық және нарықтық экономика түсінігі. Нарықтық экономиканың негізгі субъектілері: үй шаруашылығы, фирмалар мен мемлекеттер және

олардың ресурстар мен дайын өнімдер нарығы жүйесі арқылы өзара байланысы. Экономикалық ресурстардың, дайын өнімдер мен қызметтердің, ақша құралдарының шеңберлі сызбасы.

#### **4 тақырып. Нарықтық механизм: негізгі элементтері мен заңдары**

Нарықтық механизм және оның негізгі элементтері. Нарықтық механизм жүйесіндегі бәсеке және монополия. Жетілген және жетілмеген бәсеке. Нарықтық баға.

Сұраныс экономикалық категория ретінде. Сұраныс және сұраныстың өлшемі. Сұраныс заңы. Сұраныс қисығы. Сұраныстың бағалық емес детерминанттары.

Ұсыныс экономикалық категория ретінде. Ұсыныс және ұсыныс өлшемі. Ұсыныс заңы. Ұсыныс қисығы. Ұсыныстың бағалық емес детерминанттары.

Нарықтық тепе-теңдік. Өндірістің тепе-тең көлемі. Тепе-теңдік баға. Қысқа және ұзақмерзімді кезеңге тепе-тең бағаны анықтау. Тор (паутина) моделі.

Бағаның түсінігі және қызметтері. А. Маршалл бағасының концепциясы.

Бағаларды мемлекеттік реттеу. Максималды шекті бағалар және тауар тапшылығы. Минималды шекті бағалар және тауарлық артықшылықтың пайда болуы.

#### **5 тақырып. Сұраныс пен ұсыныс икемділігі**

Икемділік түсінігі. Икемділік коэффициенті.

Баға бойынша сұраныс икемділігі және оның түрлері. Икемділік және сатушының қолма-қол түсімдері. Баға бойынша сұраныс икемділігінің факторлары. Баға бойынша сұраныстың қиылысу икемділігі және оны өлшеу. Өзара алмастырушы және өзара толықтырушы тауарлар. Сұраныстың табыс бойынша икемділігі. Табыс бойынша қалыпты тауарлар мен сапасы төмен тауарларға икемділік.

Баға бойынша ұсыныс икемділігі. Ұсыныс икемділігінің факторлары.

Икемділік теориясының тәжірибеде қолданылуы. Икемділіктің салықты тұтынушылар мен сатып алушыларға бөлудегі рөлі.

#### **6 тақырып. Салыстырмалы статика және сұранысты талдау**

«Табыс-тұтыну» қисығы және Энгель қисығы. Осы қисықтардың қалыпты және сапасы төмен тауарлар үшін, бірінші кезекті тауарлар мен сәндік заттар үшін формасы.

«Баға-тұтыну» қисығы. «Баға-тұтыну» қисығының көмегімен жеке сұраныс қисығын алу. Нарықтық сұраныс қисығы жеке сұраныс қисықтарының көлденең сомасы ретінде. Орын басу тиімділігі және табыс тиімділігі (Хикс және Слуцкий бойынша). Гиффин тауарлары.

#### **7 тақырып. Тұтынушылық таңдау теориясы**

Пайдалылық. Жиынтық пайдалылық. Шекті пайдалылық. Шекті пайдалылықтың кему заңы. Баға және табыс мөлшері тұтынудың негізгі шектеушілері ретінде.

Тұтынушының рационалды мінез-құлық критерийлері. Жиынтық пайдалылық максимизациясы. Тұтынушының мінез-құлқын талдауға кардиналистік және ординалистік келістер (подход). Бюджеттік шектеулер. Талқамсыздық қисығы, оның қасиеттері мен типтері. Тұтынушы оптимумы.

### **8 тақырып. Өндіріс теориясы**

Өндіріс, өндіріс факторлары, технология. Өндірістік функция көмегімен өндірісті сипаттау. Изокванта. Технологиялық орын басу нормасы.

Өндірістің қысқамерзімді кезеңі. Тіркелген және ауыспалы өндіріс факторлары. Ауыспалы өндіріс факторының шекті өнімі. Шекті қайтарымдылықтың (өнімділіктің) кему заңы. Жалпы өнімді максимизациялау. Шекті және орташа өнім.

### **9 тақырып. Өндіріс шығындары**

Бухгалтерлік және экономикалық шығындар. Ресурстардың балама құны. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты шығындар (Вмененные издержки).

Қысқамерзімді кезеңдегі өндіріс шығындары. Тұрақты, ауыспалы, жиынтық. Орта және шекті шығындар. Шығындардың барлық түрлерінің графикалық кескінделуі. Орташа шығындардың қисық формасы. Орта және шекті шығындар арасындағы байланыс. Изокоста. Жалпы шығындарды минималдау. Өндіруші тепе-теңдігінің шарттары.

Ұзақмерзімді кезеңдегі шығындар. Масштаб әсері: оң, теріс, бейтарап. Өндірістік функциялардың негізгі түрлері: сызықтық, В.В. Леонтьев, Кобба-Дуглас. Өндірістік функция және техникалық прогресс.

### **10 тақырып. Бәсекелестік фирманың пайдасын максималдау**

Фирма қызметінің мақсаты. Экономикалық пайда. Қалыпты және бухгалтерлік пайда. Орта табыс және шекті табыс. Бәсекелес фирманың өніміне сұраныс қисығы.

Пайданы максималдау немесе бәсекелестік нарықта фирма шығындарын минималдау ережесі. Қысқамерзімді кезеңде өндірісті қысқарту шарттары. Қысқамерзімді кезеңдегі фирманың ұсыныс қисығы.

Ұзақмерзімді кезеңде бәсекелес фирма пайдасын максималдау. Фирма ұсынысының ұзақмерзімді қисығы. Белгісіздік жағдайындағы бәсекелес фирма. Бәсекелестік нарықты мемлекеттік реттеу шығындары.

### **11 тақырып. Монополия. Нарықтық билік**

Монополияның негізгі моделі. Тепе-теңдік. Шекті табыс және сұраныстың бағалық икемділігі. Монополист пайдасын максималдау ережесі. Монополия және жетілген бәсеке. Монополиялық биліктің қайнар көздері мен нәтижелері. Монополияның қоғамдық шығындары. Табиғи монополия. Бағалық

алалаушылық. Нарықты сегменттеу. Монополияны нормативті талдау. Картельдердің пайда болуы мен тұрақсыздығы. Нарықтық билік көрсеткіштері. Лернер индексі. Херфиндаль индексі.

### **12 тақырып. Монополиялық бәсеке**

Монополиялық бәсеке: белгілері мен әрекет ету шарттары.

Бағалық емес бәсеке. Өнімнің дифференциациясы. Монополистік бәсекенің тиімділігі. Негізгі ережелер және сәйкес нарықтық құрылым. Қысқа және ұзақмерзімді кезеңдегі монополиялық бәсеке. Монополиялық бәсеке нарығындағы тепе-теңдік.

### **13 тақырып. Олигополия**

Олигополиялық нарық. Фирманың стратегиялық мінез-құлқы. Дуополия. Курно моделі. Фирма әрекетінің қисығы. Тепе-теңдік. Олигополияны жетілген бәсекемен және монополиямен салыстыру. Бертран бойынша дуополия моделі. Кривая реагирования фирмы. Равновесие. Сравнение олигополии с совершенной конкуренцией и монополией. Модель дуополии по Бертрану. Сұраныс қисығының ауытқуы. Бағадағы көшбасшылық. Салаға енуді шектеуші баға қалыптастыру.

### **14 тақырып. Антимонополиялық заңнама**

Монополия: «иә» және «қарсы» дәлелдер. Антимонополиялық заңнама және реттеу: мақсаты мен міндеттері. Антимонополиялық реттеу құралдары. Табиғи монополияларды реттеу.

### **15 тақырып. Өндіріс факторлары нарығы**

Сұраныстың өндіріс факторларына туынды сипаты. Өндіріс факторының бағасы және аталған өндіріс факторымен көрсетілетін қызметтің бағасы. Өндіріс факторлары нарығы. Өндіріс факторлары нарығындағы ұсыныс. Өндіріс факторлары нарығындағы үй шаруашылықтары. Ресурстардың икемділігі мен мобильділігі. Бәсекеге қабілетті және бәсекеге қабілетсіз өндіріс факторлары нарығы.

### **16 тақырып. Еңбек нарығы**

Еңбек нарығы және оның спецификациясы. Еңбекақы экономикалық ресурсты пайдаланғаны үшін төлем ретінде. Жекелеген фирма тарапынан еңбекке сұраныс және еңбекке нарықтық сұраныс.

Жекелеген жұмысшының еңбек ұсынысы және еңбектің нарықтық ұсынысы. Уақытты жұмыс пен демалыс арасында бөлу моделі.

Еңбекақы ставкасының дифференциациясы. Еңбек тартымдылығының айырмашылықтары. Өтемақылық еңбекақы. Экономикалық рента.

Еңбек нарығындағы монополия және оның жұмысбастылық пен еңбекақы деңгейіне әсері. Кәсіподақтар және олардың жұмысбастылық, еңбекақы, еңбек өнімділігінің деңгейіне ықпалы.

Минималды еңбекақы деңгейін бекіту және осы шараның нәтижелілігі.

### **17 тақырып. Капитал нарығы**

Капитал және оның экономикалық табиғаты. Физикалық, ақшалай капитал. Капиталдың дәстүрлі және заманауи анықтамалары. Капитал-меншік және капитал-функция. Капитал запастар концепциясы ретінде. Болашақ табыстарды қазіргі уақытта бағалау. Құнды дисконтттау.

Инвестициялар. Жинақтаулар ұсынысы. Инвестицияларды есептеу кезіндегі дисуонтталған құн. Капиталға сұраныс және капитал ұсынысы. Пайыз тауар-капиталдың бағасы ретінде. Қарыз пайызының қойылымы (ставка). Пайыздың тепе-тең қойылымы. Пайыз қойылымын анықтаушы факторлар.

Негізгі және айнымалы капитал. Капитал физикалық және моральдық тозуы.

Адами капитал. Адам капиталына инвестициялар.

### **18 тақырып. Бағалы қағаздар нарығы**

Бағалы қағаздар нарығы капитал қозғалысының механизмі ретінде. Бағалы қағаздардың мәні мен олардың түрлері. Үлестік және қарыздық бағалы қағаздар. Бағалы қағаздар нарығының құрылымы. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары. Қор биржасы және оның функциялары.

### **19 тақырып. Жер нарығы**

Жерге меншік монополиясы және жерге шаруашылық объектісі ретіндегі монополия. Жер нарығы және жер «қазметінің» нарығы. Жерді жалдау.

Жер телімдерінің өнімділігі. Тұтас жердің және ішінара сапасы жақсы телімдердің телімдердің шектеулілігі. Жер ұсынысының икемсіздігі. Жер нарығындағы тепе-теңдік. Жер рентасы және жердің бағасы. Жалдау ақысы.

Дифференциалды және абсолютті жер рентасы. Монополиялық рента.

### **20 тақырып. Ақпарат, белгісіздік және тәуекел экономикасы**

Белгісіздік және тәуекел. Тәуекелді өлшеу. Тәуекелге қатынас. Тәуекелді төмендету.

Ассиметриялық ақпарат нарығы. Сапа белгісіздігі және «лимондар» нарығы. Моральдық тәуекел. Нарықтық дабылдар (сигнал). Ауықциондар.

Алыпсатарлық және тәуекел. Фьючерстер мен опциондар. Хеджирлеу. Алыпсатарлық мәні.

Инвестициялық шешімдер тәуекелі. Тәуекелді активтер бағасы. Пайда мен тәуекелдің өзара байланысы. Портфельді әртараптандыру.

### **21 тақырып. Нарық сәтсіздігі және нарықтық экономикадағы мемлекеттің рөлі**

Шаруашылықтың нарықтық жүйесінің жетілмегендігі. Нарық сәтсіздігі түсінігі. Мемлекеттің экономикаға араласуының объективті қажеттілігі. Аралас экономиканың дамуы.



Мемлекеттің экономикаға араласуының негізгі мақсаттары мен мемлекеттің функциялары.

Мемлекеттің экономикаға ықпалының формасы мен құралдары. Әкімшілік-құқықтық және экономикалық регуляторлардың жүйесі. Тікелей және жанама реттеу.

## **22 тақырып. Қоғамдық игіліктер**

Жеке және қоғамдық игіліктер. Игіліктердің бәсекеге қабілетсіздігі және ерекшеліксіздігі. Игіліктің шекті пайдалылығы және игіліктің шекті қоғамдық пайдалылығы. Қоғамдық шекті шығындар. Қоғамдық игілікті тұтынудың оңтайлы деңгейі. Қоғамдық игіліктің сұраныс және ұсыныс қисығы. Тепе-теңдік шарты.

## **23 тақырып. Экстерналдар және асимметриялық ақпарат**

Экстерналдар (сыртқы әсерлер). Оң және теріс экстерналдар. Экстерналдарды реттеу: салықтармен және сауда экстерналдарымен. Коуз теоремасы және оның мәні. Қоспаған ортаны ластауды бақылау. Сапаның белгісіздігі. Нарықтық дабылдар (сигналдар).

Асимметриялық ақпараттың мәні. Кепілдіктер мен міндеттемелер рөлі. моральдық жүктеме. тапсырыс беруші-агент мәселесі. Тұтынушылық сұрыптау. Еңбек нарығындағы асимметриялық ақпарат. Сақтандыру.

## **24 тақырып. Теңсіздік және табыстарды қайта бөлу**

Табыстар мен әл-ауқат теңсіздігінің себептері: анықтамалар айырмашылығы.

Көлемі бойынша табыстар теңсіздігі. Лоренц қисығы. Джини коэффициенті. Децильді коэффициент. Орташа, минималды еңбекақы мен күнкөріс шегінің ара қатынасы.

Алу көздері бойынша табыстар теңсіздігі. Халық шаруашылығының салалары және жұмысбастылық, кәсіп түрлері бойынша табыстар теңсіздігі. Әл-ауқат деңгейінің теңсіздігі.

Табыстарды қайта бөлуге мемлекеттік саясатқа оң және теріс дәлелдер. Қоғамдағы табыстарды қайта бөлудің негізгі каналдары. Салықтар мен субсидиялар мемлекеттің табыстарды қайта саясатының негізгі формасы ретінде. Мемлекеттің табыстарды қайта бөлу саясатының нәтижелілігі.

## **25 тақырып. Экономикадағы қоғамдық сектор**

Коммерциялық емес ұйымдар. Қоғамдық сектор және меншік құқығы теориясы. Қоғамдық сектордың ауқымы. Мемлекеттік меншік, оның қазіргі заманғы экономикалық жүйедегі және даму үрдісіндегі рөлі. мемлекеттік кәсіпкерлік ерекшеліктері, мемлекеттік кәсіпорындар қызметін реттеу.

## **26 тақырып. Макроэкономиканың пәні мен әдістері**

Макроэкономиканың негізгі мәселелері мен функциялары. Макроэкономикалық саясаттың мақсаты мен міндеттері. Макроэкономикалық

талдау әдістері. Макроэкономикалық модельдер. Экзогендік және эндогендік ауыспалылар. Қорлар мен ағындар. Шеңберлі ағындар моделі. «Ағындар» және «егулер». Макроэкономикалық тепе-теңдіктің жалпы шарттары. Макроэкономикалық саясат.

### **27 тақырып. Макроэкономикалық өлшегіштер**

Жалпы ішкі өнімді (ЖІӨ) өлшеу: қосылған құн бойынша, шығындар мен табыстар бойынша. Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ). Номиналды және нақты айнымалылар. Дефлятор және бағалар индексі. Ұлттық шоттар жүйесінің басқа да көрсеткіштері. Таза ұлттық өнім, ұлттық табыс, жеке табыс, қолда бар табыс. ЖҰӨ және таза әл-ауқат.

### **28 тақырып. Экономикалық өсу теориясы**

Экономикалық өсу түсінігі. Экономикалық өсуді өлшеудің, көрсеткіштерді бағалаудың негізгі тәсілдері. Оңтайлы экономикалық өсу мәселесі. Экономикалық өсуді зерттеу бағыттары.

Экономикалық өсу факторлары: ұсыныс факторы, сұраныс факторы, бөлу факторы. ҒТП экономикалық өсудің маңызды факторы ретінде.

XX ғасыр соңындағы экономикалық өсудің жаңа факторлары. Экономикалық даму перспективаларын негіздеу.

Экономикалық өсу мәселелерін зерттеу кезіндегі модельдеу әдісі. Е. Домардың экономикалық өсу моделі. Р. Харродтың экономикалық өсу моделі. Р. Солоудың экономикалық өсу моделі.

Экономикалық өсуді өндіріс факторлары арқылы мемлекеттік реттеу.

### **29 тақырып. Ұлттық табыс: өндіріс, бөлу және тұтыну**

Ұлттық табыс өндірісі. Өндірістік функция. Өндірістік функцияның қасиеті. Ұлттық табысты бөлу. Ұлттық табысты тұтыну. Тұтыну функциясы. Пайыз қойылымы және инвестициялық функция. Инвестицияны талдау және инвестициялық үдеріс акселераторының моделі. Тобиннің Q-теориясы.

### **30 тақырып. Жиынтық сұраныс және ұсыныс. «AD-AS» моделі**

Жиынтық сұраныс және оны анықтаушы факторлар. Жиынтық сұранысқа классикалық келіс (подход). Жиынтық сұранысқа кейнстік келіс (подход). Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс моделіндегі макроэкономикалық тепе-теңдік. AD-AS моделіндегі импульстерді тарату.

### **31 тақырып. Тұтыну, жинақтау, инвестициялар, мультипликатор-акселератор теориясы**

Тұтыну, жинақтау және инвестицияның жалпы сипаттамасы. Тұтынуға орташа бейімділік (APC). Тұтынуға шекті бейімділік (MPC). Жинақтауға орташа бейімділік (MPS).

Инвестицияның мәні. Инвестиция көлеміне әсер етуші факторлар. Инвестициялық сұраныс. Инвестиция түрлері. Инвестиция мен ұлттық

табыстың өзара байланысы. Инвестиция мультипликаторы. Мультипликатор теориясы.

Ұқыптылық парадоксы. Дефляциялық және инфляциялық алшақтық. Акселератор моделі. Акселерация қағидалары. Акселератордың қарапайым формуласы. Акселератор мен мультипликатордың өзара байланысы.

### **32 тақырып. Тауарлық және ақша нарықтарындағы макроэкономикалық тепе-теңдік. IS-LM моделі**

IS-LM моделінің негізгі айнымалылары және теңдеулері. Тауарлық және ақша нарықтарындағы тепе-теңдік. IS және LM қисықтарының қорытындысы. IS және LM қисықтарының иілуі және қозғалуы. IS-LM моделіндегі тепе-теңдік. AD-AS және IS-LM модельдерінің өзара байланысы.

### **33 тақырып. Макроэкономикалық тепе-теңдіктің бұзылуы.**

#### **Экономикалық тепе-теңдік циклдарының теориясы**

Циклдардың мәні мен түрлері. Н.Д. Кондратьевтің ұзын толқындары. Қалыпты және «үлкен» экономикалық циклдер. «Шағын» циклдер. Маусымдық және қысқамерзімді ауытқулар. Циклдылық себептері. Циклдың фазалары. Негізгі экономикалық көрсеткіштердің динамикасы. Дағдарыс циклдың құрылыс (конструирующая) фазасы ретінде. Дағдарыс түрлері. XIX ғ. мен XX ғасырдың алғашқы жартысындағы дағдарыстар.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі дағдарыс пен циклдың өзгерісі. XX ғ. 70-80 және 90 жылдарындағы циклдық даму ерекшеліктері (дамыған индустриалдық елдер мысалында).

### **34 тақырып. Антициклдық саясат**

Антициклдық саясат, оның құралдары мен тиімділігі. Циклдер теориясы. Монетарлық теория. Шектен тыс жинақталу теориясы. Тұтынбаушылық теориясы. «Психологиялық теориялар». Экономикалық тепе-теңдікті қалпына келтіру мәселесі. Экономикалық дағдарыстан шығу. Экономикалық дағдарыстан шығудың материалдық алғышарттары. Экономикалық тепе-теңдікті қалпына келтіру.

### **35 тақырып. Экономикалық тұрақсыздық және жұмыссыздық**

Экономикалық өсу позициясы тұрғысынан жұмыссыздықты бағалау. Толық жұмысбастылық және жұмыссыздық. Жұмыссыздық игілік және қоғамның шығыны ретінде. Жұмыссыздықтың себептері мен түрлері. Жұмыссыздық көрсеткіштері.

Жұмысбастылық және жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың заманауи формалары. Жұмысбастылықтың неоклассикалық концепциясы. Жұмысбастылықтың кейнсиандық теориясы. Оукен заңы.

Еңбек нарығы. Еңбек нарығындағы тұрақсыздықпен күрес әдістері. Еңбек нарығын тұрақтандыру үдерісі. жұмыссыздықпен күрес әдістері.

Жұмыссыздық жағдайында халықты әлеуметтік қорғау мәселесі.

### **36 тақырып. Макроэкономикалық тұрақсыздық және инфляция**

Инфляция, оның анықтамасы мен өлшемі. Инфляция себептері. Инфляцияны дамытушы факторлар. Инфляцияның концепциялары мен модельдері. Сұраныс инфляциясы. Ұсыныс инфляциясы. Еңбекақы өсімі тудырған инфляция. Сұраныстың салалық құрылымын өлшеу негізіндегі инфляция. Сұраныс инфляциясы мен шығындар инфляциясының арасындағы ықтимал айырмашылықтар. Ашық және басылған инфляция. Ұсыныс шоктары. Инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланысы. Филлипс қисығы, оның модификациясы.

Инфляцияның экономикалық салдары. Инфляцияға қарсы саясат. Кейнсиандық инфляцияға қарсы саясат. Монетарлық бағдарлама.

### **37 тақырып. Ақша жүйесі және ақша нарығының теориялық моделі**

Ақша массасы. Квазиақша. Қолма-қол және қолма-қолсыз ақшалар. Ақша агрегаттары. Ақшаға сұраныс және ұсыныс.

Ақшаға сұраныстың теориялық моделі. Ақшаның сандық теориясы және ақша айналымының жылдамдығы. Кейнсиандық модельдегі ақшаға сұраныс. Ақшаға сұраныстың қазіргі заманғы теориясы. Ақша нарығындағы тепе-теңдік. Ақшаға сұраныстың қалыптасуы. Классикалық концепция. Ақша ұсынысы. Ақша ұсынысының көлеміне әсер етуші факторлар.

Ақша нарығындағы тепе-теңдік. Тепе-теңдіктің классикалық концепциясы. Тепе-теңдіктің монетарлық концепциясы. Тепе-теңдіктің кейнсиандық концепциясы.

### **38 тақырып. Несие-банк жүйесі және оның нарықтық экономикадағы рөлі**

Банк жүйесінің құрылымы. Банктер, олардың түрлері, функциялары. Коммерциялық банктердің нарықтық экономикадағы рөлі мен негізгі операциялары. ақша ұсынысының мультипликаторы.

Ақша-несие саясаты: мақсаты мен құралдары. Монетаризм және ақша-несие саясат концепциясы.

Нарықтық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етудегі Орталық банктің рөлі. Орталық банктің негізгі құралдары. Резервтік талаптар нормасының өзгерісі. Ашық нарықтағы операциялар. Дисконттық саясат. Қазақстанның банк жүйесі.

### **39 тақырып. Мемлекеттік бюджет**

Мемлекеттік қаржы түсінігі. Мемлекеттің экономикалық саясатын жүзеге асырудағы қаржылардың рөлі. мемлекеттік бюджет және оның құрылымы. Мемлекеттік қаржы концепциясы және оның эволюциясы. Мемлекеттің табыстары. Экономиканы реттеудегі салықтық саясаттың рөлі. Мемлекеттің ақша құралдарын пайдалану бағыттары.

#### **40 тақырып. Мемлекеттің фискалдық саясаты**

Фискалдық саясат, оның мақсаты мен жүзеге асыру механизмі. Фискалдық саясаттың тежеуші және ынталандырушы нұсқалары. Ұсынысқа бағдарланған фискалдық саясат. Лаффер қисығы. Балансталған бюджет мультипликаторы.

#### ***«Халықаралық макроэкономика» пәні***

##### **1 тақырып. Курсқа кіріспе: халықаралық экономика мен халықаралық макроэкономиканың құрылымы мен ерекшеліктері**

Халықаралық экономика теориясының зерттеу пәні. Қазіргі заманғы халықаралық экономиканың негізгі сипаттамасы. Халықаралық экономика құрылымы. Халықаралық микро- және макроэкономика. Макроэкономика және халықаралық экономика. Халықаралық макроэкономикада қолданылатын модельдер мен талдау құралдары.

Халықаралық экономикадағы егемендік пен мемлекеттік шекараның мәні. Ұлттық экономиканың ашықтық қағидасы. Ұлттық және халықаралық деңгейде халықаралық экономиканы реттеу қажеттілігі мен әдістері.

##### **2 тақырып. Халықаралық экономикадағы негізгі байланыстар**

Экономикалық қызметтің негізгі секторлары. Ұлттық шоттар жүйесі. Институционалдық бірліктер және олардың топтары. Макроэкономикалық шоттар түрлері. Экономикалық операциялар: түсінігі мен түрлері. Резиденттер мен бейрезиденттер. Халықаралық экономикалық операциялар түрлері. Экономиканың негізгі секторлары. Экономикалық секторлардың өзара байланыстары.

##### **3 тақырып. Халықаралық экономикалық қатынастар жүйесіндегі ұлттық экономика**

Ашық ұлттық экономиканың ұтыстары мен мәселелері.

Елдің сыртқы экономикалық байланыстарын мемлекеттік реттеудің қажеттілігі мен негізгі мақсаттары. Мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатының негізгі бағыттары мен құралдары.

##### **4 тақырып. Халықаралық сауда**

Әлемдік нарық және тауарлардың халықаралық қозғалысы. Сатылатын және сатылмайтын тауарлар. Сатылатын және сатылмайтын тауарлар арасындағы шекаралар.

Халықаралық сауда: түсінігі мен құрылымы. Халықаралық сауда көлемін құндық өлшеу. Халықаралық сауданың тауарлық және географиялық құрылымы. Әлемдік нарықтағы тепе-теңдік моделі. Ұлттық және халықаралық экономиканың дамуындағы халықаралық сауданың мәні. Қазақстанның сыртқы саудасы: негізгі сипаттамасы.

## **5 тақырып. Капиталдың халықаралық қозғалысы**

Капиталдың халықаралық қозғалысының рөлі, мәні, қазіргі заманғы ауқымы мен бағыттары.

Тікелей инвестициялардың себептері мен құрамы. Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау. Қазақстандағы тікелей шетелдік инвестициялар.

Портфельдік инвестициялаудың себептері мен түрлері. Қазіргі заманғы жағдайдағы портфельдік инвестициялардың рөлі.

Қарыз капиталының халықаралық қозғалысы және оның формалары. Халықаралық қарыздану мен несиелеудің негізгі құралдары.

Халықаралық инвестициялаудағы ТҰК-дың рөлі. халықаралық экономикадағы ТҰК-дың дуализм жағдайы. ТҰК-дың қабылдаушы ел экономикасына әсері. ҚР-ғы ТҰК қызметі және оның салдары.

## **6 тақырып. Әлемдік еңбек нарығы және жұмыс күшінің халықаралық миграциясы**

Әлемдік еңбек нарығы және оның қалыптасу факторлары. Жұмыс күшінің халықаралық миграциясының қазіргі заманғы ауқымы мен бағыттары. Миграцияның экономикалық әсерлері. Елдің төлем балансында тіркелетін еңбек ресурстарының еларалық алмасу көрсеткіштері. Мигранттардың ақша аударымдары.

Мемлекеттің миграциялық саясаты: түрлері, мақсаты мен құралдары.

## **7 тақырып. Халықаралық технология алмасу**

Технологиялардың халықаралық қозғалысы: түрлері мен оны жүзеге асыру механизмдері. Технологияны қорғаудың құқықтық формалары. Лицензиялар саудасы және лицензиялық төлем түрлері.

Халықаралық техникалық ықпалдастық. Техникалық ықпалдастық бағдарламасы. техникалық көмек механизмдері.

Технология алмасуды мемлекеттік реттеу қажеттілігі. Технология алмасуды реттеу механизмдері.

## **8 тақырып. Төлем балансы: теориясы мен құрылымы**

Төлем балансы түсінігі. Төлем балансын құрудың негізгі қағидалары. Екіжақты жазу жүйесі. Ақпарат көздері. Төлем балансының бөлімдері.

Ағымдағы операциялар шоты. Ағымдағы операциялар шотының құрамдас бөліктері: тауарлар; қызметтер; табыстар; ағымдағы трансферттер.

Қаржылық операциялар мен капиталмен операциялар шоты. Капитал трансферттері. Тікелей инвестициялар. Портфельдік инвестициялар.

## **9 тақырып. Төлем балансының макроэкономикалық рөлі**

Төлем балансын қаржыландыру. Резервтік активтер және олардың құрамы. Төлем балансын қаржыландырудағы резервтік активтердің рөлі. Ерекше қаржыландыру. Халықаралық инвестиция балансы.

Төлем балансы шоттарының өзара байланысы. Төлем балансының макроэкономикалық рөлі.

### **10 тақырып. Валюта бағамы және оның алуантүрлілігі**

Валюта курсы: түсінігі мен белгіленуі (котировка). Валюта бағамының есептік түрлері. Номиналды және нақты валюта бағамы. Көптік валюта тәжірибесі. Икемділік дәрежесі бойынша валюта бағамдарының түрлері. Тіркелген және қалқымалы валюта бағамдары. Гибридті валюта бағамының түрлері. Валюта бағамының режимдері. Валюта бағамы жүйесін таңдау.

### **11 тақырып. Тепе-тең валюта бағамы**

Тепе-тең валюта бағамы. Шетелдік валютаға сұраныс пен ұсыныс. Бағалардың валюта бағамына тәуелділігі. Шетелдік валютаға сұраныс пен ұсыныс икемділігі. Ұсыныс қарсы сұраныс ретінде. Валюта бағамының тұрақтылығы.

### **12 тақырып. Валюта бағамының теориясы**

Жалпы тепе-теңдік теориясы. Макроэкономикалық баланс. Төлем балансының келісі (подход). Сатып алу қабілеті паритетінің теориясы. Бір баға заңы. Абсолютті СҚП. Салыстырмалы СҚП.

Пайыз қойылымдарының валюта бағамына әсері. Пайыз қойылымдарының балансы. Фишер эффектісі.

Валюта бағамының ақша теориясы. Ақша ұсынысы. Ақшаға сұраныс. Ішкі ақша тепе-теңдігі. Қысқамерзімді перспективадағы валюта бағамы.

